

ЕСІМІ ЕС ЕСІНДЕ

Білім мен ғылымның қасиетті қара шаңырағы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да академик, ғалым, техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақ КСР ғылымының еңбек сіңірген қайраткері Өмірбек Арысланұлы Жолдасбековтің 85 жасқа толуына орай алқалы жиын өтті.



1970-1986 жылдары С.Киров атындағы ҚазМУ-да 16 жыл бойы ректорлық қызмет атқарған Өмірбек Арысланұлының бүгінде әлемнің үздік университеттері қатарына іліккен ҚазҰУ қалашығының негізін қалауға сіңірген еңбегі зор. 39 жасында Қазақстанның тұңғыш университетіне бекітілген ректор еліміздің білім беру ісін жаңа бағытқа бұрып, ғылым айдынына тың тыныс әкелді. Ол көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері ретінде еліміздің өркендеуіне сүбелі үлес қосты.

Ғалымның туған күні ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов бастаған университет ұжымы мен белгілі ғалымдар, Өмірбек Арысланұлымен қызметтес болған достары, құрбы-құрдастары, отбасы мүшелері, шәкірттері мен студенттері жиналып, ғалым рухына тағзым етті. Академик ескерткішіне гүл шоқтарын қойған соң шараны ҚазҰУ ректоры, академик Ғалым Мұтанов ашты. Ол білім ошағында бүгінгі таңда жалғасын тауып жатқан жобаларды кезінде Ө. Жолдасбековтің өзі жоспарлап кеткенін және академиктің университет дамуына сіңірген зор еңбегі ешқашан ұмытылмайтынын ерекше атап өтті. Сондай-ақ ҚР ҰҒА президенті Мұрат Жұрынов пен профессор Сұлтан Сартаев сөз алып, ғалымның өнегелі өмірінен тағылымды естеліктер айтты.

Іс-шараның жалғасы ҚазҰУ-дың механика-математика факультетіндегі Ө. Жолдасбеков атындағы үлкен дәріс залының салтанатты ашылу рәсіміне ұласты. Дәрісхана лентасын университет ректоры Ғалым

Мұтанов пен ҚР ҰҒА президенті Мұрат Жұрынов кесті.

Ғалым Мұтанов өнегелі өмір иесінің атқарған қызметі, қайраткерлігі хақына баяндама оқыды. «Өмірбек Арысланұлы қызмет қылған жылдары казактын білім кеңістігіне жаңашылдық алып келді. Көптеген игі істердің жаршысы болған Өмекеңнің Қазақ елін өзге бағытта дамыту, білім мен ғылымды өркендету жолында жасаған еңбегі ұшан-теңіз. Бастысы ғалым өз ізбасарларына ең құнды нәрсе — өзінің ғылыми мұрасын қалдырды. Өмірбек Жолдасбеков 25 ғылым докторын, 100-ден аса ғылым кандидатын дайындады. Ол — 400-ден астам ғылыми еңбектің, 12 монография мен 30 оқулықтың авторы. Сонымен қатар, Ө. Арысланұлы республикамыздың Жоғарғы Кеңесінде қызмет қылып, онан соң Парламент депутаттығына 6 рет сайланған. Кейіннен ел Мәжілісінің әлеуметтік даму бойынша комитетінің төрағасы болған біртуар азаматтың кешегі жүрген жолы мен қылған еңбегі баршамызға үлгі-өнеге. Ол кісінің әр ісі мен жеткен жетістігі — біз үшін үлкен мектеп. Мен осындай ардақты азаматтың ісін жалғап, ізімен жүргенімді мақтан тұтамын және ісімді үлкен жауапкершілікпен атқарамын», — деді ректор.

Өз кезегінде көпшілік назарына ұсынылған деректі фильм казактын дара тұлғасы жайлы тереңнен сыр шертті. Сондай-ақ үздік студенттер мен мектеп оқушыларына Өмірбек Жолдасбеков атындағы шәкіртақылар табысталды.

Жалғасы 2-бетте

Алғыс айту күні

Қазақстанда алғаш рет өткізіліп отырған 1 наурыз – Алғыс айту күні республика көлемінде өзінің алғашқы қадамын бастап та кетті. Осы орайда Қазақстан Республикасы Президентінің архиві «Ел бірлігі – асыл қазына» тақырыбында Алғыс айту күні мерекесінің тарихи және жалпы қоғамдық маңызын ашып көрсететін тарихи-құжаттық көрме мен дөңгелек үстел өткізді. Шараға «Нұр Отан» партиясының мүшелері, Қазақстан халқы ассамблеясы мүшелері, ұлттық мәдени орталықтардың, мемлекеттік мұрағат мекемелерінің өкілдері, қоғам қайраткерлері, ғалымдар және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тарих, археология және этнология факультетінің мұрағаттану мамандығының студенттері қатысты.

Іс-шараның негізгі мақсаты — тәуелсіз Қазақстан жеріндегі ұзақ жылдар бойы қалыптасқан, сыннан өткен этноаралық келісім мен татулық, бірауыздылықты архив құжаттары арқылы насихаттау.

Жалғасы 3 - бетте

АРУЛАРҒА МЕРЕКЕЛІК ТАРТУ

Тіршілік атаулыға жан бітірген көгілдір көктеммен қатар келетін 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні қарсаңында ҚазҰУ жігіттері нәзік жандыларға тамаша көңіл күй сыйлады. Университет ер-азаматтары дайындаған мерекелік жиын биыл да жоғары деңгейімен есте қалды. Ардақты әже, аяулы ана, сүйікті қыз-келіншектер мерекесіне арнап тек ер-азаматтарымыздың өнер көрсетуі ҚазҰУ тарихында тұңғыш рет ректор Ғалым Мұтанұлының бастамасымен жүзеге асқан болатын. Дәстүрге айналған игі бастама биыл алтыншы рет ұйымдастырылды.

«Барлығы Сіздер үшін, арулар!» деп аталған кешке университет басшылығынан бастап, факультет декандары, кафедра менгерушілері, оқытушы-ұстаздар, өзге де қызметкерлер мен студенттер белсене атсалысты. Олар түрлі кейіпке еніп, кешті әнмен әрледі, сері жігіттер би билеп, өнерлерін ортаға салды.

Көңілді кеш дәстүр бойынша университет ректоры, академик Ғалым Мұтановтың құттықтау сөзімен бастау алды: «Кеш жарық! Құрметті әріптестер, аяулы ұстаздар мен арулар! Сіздерді 8 наурыз — халықаралық әйелдер күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Бұл күн бізде жыл сайын кең көлемде атап өтеледі. Бұл кешті ұйымдастыру арқылы біз аруларға деген өзіміздің ізгі тілегімізді білдіреміз. Бүгінде отбасының ғана емес, ұжымның да ұйытқысы болған барша аруларға зор денсаулық, амандық, шаттық тілеймін! Әрқашан жүздеріңіз жадыраңқы, көңілдеріңіз көтеріңкі болсын! Бақытты болыңыздар!»

Жалғасы 8-бетте

БҮГІНГІ САНДА:

ВСПОМИНАЯ
МАРАТА
БАРМАНКУЛОВА

2-стр.



АЛЬ-ФАРАБИ И
ВОСПИТАНИЕ
МОЛОДЕЖИ

5-стр.



СЫБЫЗҒЫНЫҢ
МҰҢДЫ ҮНІ

6-бет



Жалғасы. Басы 1-бетте

Шара барысында оқылған ҚР Президентінің кенесшісі Мұхтар Құлмұхаммедтің құттықтау хаты да Өмірбек Арысланұлының азаматтық келбетін аша түскен еді. Одан кейін мінбеге ҚР ҰҒА президенті, академик Мұрат Жұрынұлы шығып сөз сөйледі. Ол: «Елінің қамы үшін қызмет қылған ардақты азаматтың өмірі туралы жиын басталғалы бері естіп-біліп жатырмыз. Ол кісіні мен студент жасымнан білемін. Талай дәрісін тыңдадық. Өте бір тартымды, қарапайым өмірден алынған мысалдармен дәріс оқитын. Профессор өмірінің ең мәнді жылдарын ұстаздыққа арнады. Өмірінің көп бөлігін осы ҚазҰУ-да өткізді. Жастық шағын да осындай үлкен университет қалашығын салуға жұмсады. ҚазҰУ қалашығы — ол кісінің артында қалдырған ең үлкен, елеулі еңбектерінің бірі. Ол кісінің қалаған мектебі, университеті — бүгінгі күннің қымбат қазынасы. Өмекен іргесін қалаған ҚазҰУ қазіргі таңда ерекше қарқынмен гүлденуде. Осы тұста талмай еңбек етіп жатқан университет ұжымы мен ректоры Ғалымқайыр Мұтанұлына алғыс білдіріп, алдағы уақытта сәттілік тілеймін!» — деді. Мұрат Жұрынұлының сөзін жалғап ортаға академиктің қызметтес болған әріптестері, шәкірттері шығып, ерекше естеліктерімен бөлісті. Бұнан соң академик, профессор Өмірбек Арысланұлы Жолдасбековтің отбасы атынан профессор Баян Өмірбекқызы



сөз сөйледі. «Елінің жарқын болашағына бар ғұмырын арнаған Өмірбек Жолдасбековтің 85 жылдық мерейтойына жиналған барша қауымға отбасымның атынан алғыс айтамын. Бүгін әкемнің туған күнінде арнайы еске алып, осындай үлкен шара өткізіп отырған университет басшылығына шексіз ризамын. Әкеміздің өмір жолы мен атқарған істеріне өздеріңіз

қуәсіздер. Мен осындай алып тұлғаның ұрпағы болғанымды мақтан тұтамын және әрдайым зор жауапкершілік сезінемін!» — деді ол.

Бар саналы ғұмырын елінің игілігі жолына сарп еткен тұғыры биік тұлғаның есімі мен ерлігі, ерен еңбегі ел есінен ешқашан да өшпек емес.

Өз тілшімізден

■ ҚЫСҚА-НҰСҚА

Алғыс айту күніне орай ҚазҰУ-дың рекреациялық география және туризм кафедрасының студенттері мен оқытушылары Алматы қаласының әкімшілігі және Спорттық туризм федерациясымен бірлесе отырып, Іле Алатауында теңіз деңгейінен 2060 метр биіктікте орналасқан Кімасар асуы арқылы Бутаков шатқалына (1600 метр шамасында) шығып қайтты.

Қатысушылардың пікірінше, осындай іс-шаралар жастарды салауатты өмір салтына баулып, бірлікті нығайтады, мерекені қажетті деңгейде атап өтуге мүмкіндік береді. Көктемнің алғашқы күні көтеріңкі көңіл-күй сыйлаған жорық студенттерге тамаша естеліктер қалдырды. Сондай-ақ қатысушылардың бәрі сертификаттармен марапатталды.

Рекреациялық география және туризм кафедрасы

«Айналанды нұрландыр» жобасының аясында шығыстану факультетінің деканы Жұбатова Баян Нұрсұлтанқызының бастамасымен филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің №17 студенттер үйінде «Шығыс өрнектері» атты танымдық концерттік іс-шара өтті.

Шараның негізгі мақсаты — шығыстану факультеті мен Қиыр Шығыс кафедрасының атқарып жатқан жұмыстарын, тыныс-тіршілігін басқа факультет студенттеріне таныстыру және насихаттау болып табылады. Оның барысында Қиыр Шығыс кафедрасының осы уақытқа дейінгі жеткен жетістіктері айтылды. Сонымен қатар кафедра оқытушылары мен студенттерінің қатысуымен концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Концерттік бағдарламада корей және жапон бөлімінің студенттері корей, жапон тілдерінде өлең айтып, би биледі.

Б.С. АЙМБЕТОВ,
Қиыр Шығыс кафедрасы

ҚазҰУ жанындағы Біліктілікті арттыру институты және Қызылорда облыстық оқу орталығының ұйымдастыруымен қаңтар, ақпан айларында нашар көретін, тіл дамуында, ақыл-есінде ауытқушылығы бар, мүмкіндігі шектеулі үйден оқитын балаларды тәрбиелейтін мұғалімдерге арналған «Арнайы педагогика мүмкіндігі шектеулі ақыл-ойы дамымаған балалармен жұмыс істеу үшін және үй жағдайында қызмет көрсету жолдары» тақырыбында семинар-тренингтер өткізді. Ал Қазалы ауданында «Әлеуметтік педагогика» мектептегі әлеуметтік педагогтың жұмыс жүйесі» тақырыбында жүргізілді.

Шара барысында тыңдаушылар арнайы педагогиканың теориясы және практикасының негіздерімен танысып, мүмкіндіктері шектеулі адамдардың тұлға ретінде қалыптасуы мен әлеуметтену ерекшеліктерін зерттеген ғалымдар еңбектерімен және әлеуметтік бейімделу жолдарымен танысты. Арнайы мектепте жұмыс жасайтын мамандарға арналған бағдарламалар құрылып, жұмыс жасау әдіс тәсілдері қарастырылды.

Ұ.Б. ТӨЛЕШОВА,
С.М. НАЛИБАЕВА

Недавно кафедра печати и электронных СМИ факультета журналистики провела международную научно-практическую конференцию в рамках «Барманкуловских чтений» — «Тренды цифровых медиа: новые возможности для мультимедийного контента».

ВСПОМИНАЯ МАРАТА БАРМАНКУЛОВА

Конференция ежегодно проводится в память об известном ученом, докторе филологических наук, профессоре М. К. Барманкулове, заложившего основы научной школы телерадиожурналистики в Казахстане и внесшего значительный вклад в развитие национального телевидения, наставнике многих поколений журналистов страны.

В рамках конференции обсуждались такие темы, как: «Симбиоз традиционных и новых медиа в цифровой эпохе», «Цифровые медиа. Цифровые измерения. Цифровые решения», «Переход аудитории электронных СМИ в мессенджеры». Также среди студентов факультета журналистики проводился научный и творческий конкурс «Молодой репортер» на лучшие научно-исследовательские работы, телевизионные и радиопередачи, программы, сюжеты, а также медийные проекты.

В мероприятии активное участие принимали декан, профессорско-преподавательский состав, студенты, магистранты и докторанты факультета журналистики, исследователи массовых коммуникаций, ученые, представители казахстанских электронных СМИ.

Марат Карибаевич Барманкулов (1937-2000) — создатель телевизионной и радио-журналистики в Казахстане, основатель теории и практики отечественного телевидения, доктор филологических наук, профессор, вице-президент Евразийской Международной Экономической Академии, секретарь Союза Журналистов Казахстана.

Свой творческий путь М. К. Барманкулов начал с открытия Казахского телевидения в 1958 году. Был автором многих популярных телевизионных передач, телерепортером, а также телекомментатором впервые вышедшего на Казахском телевидении цикла новостей.

Научно-педагогическую свою деятельность в КазГУ им. С. М. Кирова, ныне в

КазНУ, он начинал ассистентом в 1965 году, затем доцентом, профессором и неизменным заведующим кафедрой телевидения и радиовещания. Был деканом факультета журналистики дневного и заочного отделений, в 1991 году — заместителем редактора газеты «Казахстанская правда».

Необходимо отметить, что М. К. Барманкуловым были изданы более двадцати работ на темы телевизионной и радиожурналистики, сравнительные жанры журналистики, возможности космического телевидения, новых информационных технологий, развития Интернета, культурологии, тюркологии и др.

У М. Барманкулова более 20 монографий и книг по авторской журналистике и изучению культуры. Он автор уникальных трудов, таких, как: «Хан Иван», «Наследники Белого лебедя», «Тюркская Вселенная» (1996), «Хрустальная мечта тюрков о квадронации» (Алматы, 1999).

Докторская диссертация М. К. Барманкулова являлась основой для дальнейшего выхода в свет научно-теоретических трудов «Журналистика для всех», «Весь мир у вас в квартире», «Горизонты космического телевидения», которые стали настольными книгами отечественных и зарубежных журналистов.

Под научным руководством профессора Барманкулова защитились: 1 докторская, 5 кандидатских диссертаций. В 2001 году телестудия факультета журналистики, ныне Телерадиокомплекс КазНУ, была названа именем профессора Марата Карибаевича Барманкулова.

Н. П. САПАРХОДЖАЕВА,
зам. зав. кафедры печати
и электронных СМИ;

А.Б. АЛТЫНБЕКОВА,
преподаватель кафедры печати
и электронных СМИ

«АЙНАЛАНДЫ НҰРЛАНДЫР» ЖОБАСЫНА – 5 ЖЫЛ!

Қара шаңырағымыз ҚазҰУ-дың өркендеп алға басып келе жатқанына көптеген факторлар әсер етуде. Солардың бірі ректорымыз академик Ғалым Мұтанұлының бастамасымен жүзеге асып келе жатқан «Айналанды нұрландыр» жобасына биыл 5 жыл.

Мерейтой қарсаңында 8 ақпаннан бастап 23 сәуірге дейін кафедралар арасында «Айналанды нұрландыр» жобасы аясындағы байқау басталып кетті. Алғашқы аптаның шымылдығын шығыстану факультетінің Қиыр Шығыс кафедрасының ұжымы мен студенттері ашты. Тәуелсіздіктің 25 жылдығы мен Желтоқсан оқиғасының 30 жылдығына арналған концерттік бағдарлама өз деңгейінде өтіп, келген қонақтар мен көрерменнің көңілінен шықты.

Көп ұзамай орыс филологиясы және әлем әдебиеті кафедрасы «О, женщина, ты освещаешь мир!» атты Халықаралық әйелдер күніне арналған кафедра ұжымы ұйымдастыруындағы мерекелік кештерін ұсынды. Бұл кеш те көктемдей құлпырған қыз-келіншектерді келіп жеткен мерекесімен құттықтау әрі жақсылықтың бағасын түсіну керектігін айқындаумен ерекшеленді.

Жоба аясында «Барлық адам — бір адам, бір атадан жаралған» тақырыбында Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасы да естен кетпес кештің куәгері етті.

«Айналанды нұрландыр» жобасы айналадағы адамдарға жақсылық жасау, қолдан келген көмекті аямау, жан-жақты болуға тәрбиелейді. Жобаның мақсатын студенттер мен айналадағы барша адамдарға түсіндіру, соның аясында жұмыс жасау әлі де жалғасын таппақ.

Тәрбие жұмысы жөніндегі департамент

В КазНУ состоялось празднование 85-летия

Умирбека Арислановича Джолдасбекова – академика АН КазССР и НАН РК

Этот год для географической общественности Казахстана отмечен особым событием – 100-летним юбилеем со дня рождения одного из выдающихся отечественных ученых М. Ж. Жандаева (1916-1998 г.г.).

Заслуженный деятель науки Казахской ССР, кандидат геолого-минералогических наук, доктор географических наук, профессор, участник ВОВ Мукатай Жандаевич Жандаев является ярким представителем создателей XX столетия. Его жизнь – пример многогранной научной, педагогической и общественной деятельности, каждый этап которой отмечался новыми творческими достижениями.

К 100-летию юбилею профессора в серии «Өнегелі Өмір» издана книга «Мукатай Жандаев», которая открывается обращением к читателям главного редактора, ректора КазНУ Г.М. Мутанова. В издании опубликованы избранные научные труды М.Ж. Жандаева, его очерки о детстве, службе в рядах Советской Армии и участии в ВОВ, а также статьи коллег, друзей, единомышленников, учеников и родных о научной, педагогической, общественной деятельности патриарха казахстанской географии.

К 100-летию профессора М.Ж. Жандаева в КазНУ недавно прошла международная научно-практическая конференция – VIII Жандаевские чтения «Природные и социально-

Вековой юбилей

экономические географические системы Центральной Азии». В ее работе приняли участие представители геолого-географической и биологической общественности Казахстана, России, Украины.

Программа конференции включала две части: первая – презентация книг из серии Өнегелі Өмір «Мукатай Жандаев» и «Назира Ахматуллина». Первый проректор КазНУ М. М. Буркитбаев в торжественной обстановке предоставил слово для презентации книг о М. Жандаеве его ученице, профессору А. Г. Кошим, а о супруге (сейчас вдове) Мукатай Жандаевича, академике НАН РК Н. Ахматуллине – декану факультета биологии и биотехнологии Б. К. Заядану.

Высокая оценка научных, педагогических, общественных достижений М. Ж. Жандаева и Н. Б. Ахматуллиной прозвучала в выступлениях директора Института географии А. Р. Медеу, академика НАН РК И. О. Байтулина, председателя отделения биологии и медицины НАН РК Ж. А. Арзыкулова, профессора Т. М. Шалахметовой, профессора С. А. Кусаинова. Все они пожелали Назире Бадретдиновне творческого долголетия.

Вторая часть мероприятия была посвящена теме конференции «Природные и социально-экономические географические системы Центральной Азии». На пленарном заседании бурное обсуждение вызвал доклад доцента кафедры физической географии и экологии Тюменского государственного университета, члена-корреспондента Российской экологической академии Е. Ю. Ликутова «Формирование речных долин горной системы Джугджур и россыпеобразование», т.к. в нем нашли подтверждение основные положения учения М. Ж. Жандаева о развитии речных долин горных стран.

Секционные доклады были заслушаны на трех секциях: «Творческое наследие М. Ж. Жандаева и развитие его идей в современной географии», «Современные проблемы в геодезии», «Мониторинг природных ресурсов и рекреационные системы».

Участники конференции рекомендовали с целью развития геоморфологической науки в РК развивать: геоморфологическую школу М. Ж. Жандаева, результаты его научных геоморфологических исследований, которые особенно актуальны в современных условиях



с ухудшающейся экологической обстановкой. А также: регулярно сотрудничать с научными школами вузовближнегоидальнегозарубежьяпо геоморфологии, ландшафтоведению, картографии, геодезии; на факультете географии и природопользования в свете совершенствования конкурентоспособностиспециалистов в области геоморфологии изыскать возможность разделения специальности «География» на две кафедры: кафедру физической географии и геоморфологии и кафедру экономической и политической географии, землеустройства и кадастра.

**Л. К. ВЕСЕЛОВА,
Х. М. КАСЫМКАНОВА**

Духовность и культура – благосостояние нации

В условиях глобализации духовно-культурные ценности постепенно начали отходить на последний план, уступая место социально-экономическому благосостоянию. Люди стали забывать, что духовность и культура также играют важную роль в нашей жизни. Это два основных кита, на которых держится благосостояние любой нации. Ведь именно культура определяет уровень экономического развития общества.

Сегодня в КазНУ больше внимания стали уделять формированию духовно-культурной личности студента. Подтверждением тому служит проект «100 книг», который был создан по инициативе ректора университета, академика, доктора технических наук, профессора Г. Мутанова. По его инициативе был составлен список ста книг, куда вошли произведения известных русских, зарубежных, казахстанских писателей и поэтов. Основная цель данного проекта – это привитие духовных, нравственных и культурных ценностей молодежи. Жизнедеятельность данного проекта активно поддерживается преподавателями и студентами университета. Особую поддержку данный проект получил на кафедре иностранных языков под руководством профессора А. А. Мулдагалиевой.

В ноябре прошлого года преподаватели английского и немецкого языков провели два воспитательных мероприятия в рамках проекта «100 книг». Первое мероприятие было посвящено обсуждению повести американского писателя Джека Лондона «Белый клык». Повесть о волке, который вырос среди людей, очень понравилась студентам. Они приняли активное



участие в дискуссии по обсуждению произведения, которая проводилась на двух языках: немецком и английском. Повесть «Белый клык» была переведена

на многие языки мира. Несчастливая судьба бедного волчонка, у которого люди отняли мать, а затем, стали жестоко обращаться с ним, вызвала у студентов сочувствие к главному герою.

Второе мероприятие было посвящено обсуждению книги известного английского писателя Даниэля Дефо «Робинзон Крузо», которое также проводилось на двух языках: немецком и английском. Книга Даниэля Дефо также была переведена на множество языков. После прочтения книги на английском языке студенты активно обсуждали ее с преподавателями. Они на двух языках давали свои толкования таким понятиям, как мужество, отвага и дружба.

Следует подчеркнуть, что благодаря проекту «100 книг» у студентов КазНУ появился интерес к изучению иностранных языков. Участвуя в таких мероприятиях студенты значительно улучшили свои коммуникативные навыки. Данный проект помог им преодолеть языковой барьер. И, самое главное, участие в них обогатило их внутренний духовный и культурный мир. Через призму этих произведений они научились понимать, что такое добро и зло, сформировалась четкая нравственная позиция.

**Д. М. МАХМЕТОВА,
Б. Н. БЕКМАШЕВА,**
*старшие преподаватели
кафедры иностранных языков*

Жалғасы. Басы 1-бетте

Алғыс айту күні

Көп ұлтты еліміздің басынан кешкен ауыртпалықтарына, әсіресе XX ғасырдағы еліміз басынан кешірген ашаршылық, күштеп ұжымдастыру, саяси репрессия, жер аудару және тың және тынайған жерлерді игеру жылдарына қатысты Қазақстан халқы ассамблеясы, мәдениет орталықтары және мұрағат даярлаған құжаттарды, деректі фильмді, шеберлер қолынан шыққан суреттерді қонақтар, дөңгелек үстелге қатысушылар үлкен толғаныспен көріп шықты.

Көрмеге қойылған ресми деректер, құжаттық жинақтар мен ғылыми материалдардың айтар ойын іс-шараға қатысушылардың жүрегіне Қазақстан халқы ассамблеясының, «Дүниежүзілік қазақтар қауымдастығы», әзірбайжан, армян, осетин, ұйғыр, корей, т.б. ұлттардың этно-мәдени орталықтарының көрнекті өкілдері жеткізгенін айту қажет.

Сөз сөйлеген ҚР Президенті архивінің директоры Б.Ә. Жапаров, баяндама жасаған Т.А. Мамашев, Қ.В. Мамсуров, А.Ә. Осман, К.А. Хан, Р.Г. Мнацаканян, З.К. Қурманбакиев және т.б. қоғам қайраткерлерінің айтқандарынан іс-шараға қатысушылар мен қонақтар қазақ халқының өз басына түскен ауыртпалықтарға қарамастан, сталиндік биліктің қазақ еліне жер аударған сол кездегі кенестік ұлт өкілдеріне жанашырлықпен, түсіністікпен қарағанын көреміз. Баяндамашылардың сөзінен тек қазақ халқына деген ризашылық, бауырмашылдықты естіген қауым, қоғам қайраткерлері, ғалымдар мен жастар сыяластықтын, достастықтын және патриоттық сезімнің терең мәнін сезінді. Бұл түсіністікті жоғары ұстау қажеттігін тек аға ұрпақ ғана емес, сонымен қатар жастардың да сезінуі қажет.

Ш.Т. БУЛГАУОВ,
дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының оқытушысы

Әл-Фараби кітапханасында

«Әл-Фарабидің қайырымды қаласы және болашақ ұрпақ тәрбиесі» атты дөңгелек үстел өтті

Білім сапасын халықаралық дәрежеге көтеру арқылы әлемдік аренадағы бәсекеге қабілеттілікті арттыру үшін еліміздің жоғары оқу орындарында Болон үдерісінің қабылданып, жүзеге асырылғанына біраз жылдың жүзі болды. Осы тұрғыда ҚазҰУ-дың өзге оқу орындарына үлгі екенін мақтанышпен айта аламыз. Біз өткеніміз жайлы айта отырып, болашақ мүмкіндіктер жайлы ой толғау мақсатында ҚазҰУ-дың биология және биотехнология факультетінің биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының меңгерушісі, б.ғ.д., профессор, академик Қанаев Әшімхан Тоқтасынұлымен тілдескен едік.

ҚАНАЕВ ӘШІМХАН ТОҚТАСЫНҰЛЫ,
биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының меңгерушісі,
б.ғ.д., профессор, академик:

Біздің ұстаханада шындалған кадр біркүндік болмауы тиіс

—ҚазҰУ қазіргі таңда Болон үдерісіне сәйкес кредиттік жүйемен білім беруде. Аталмыш жүйе білім деңгейін көтеруге қаншалықты ықпал етіп жатыр?

—Еліміз бойынша ЖОО-лар арасында біртұтас жалпыеуропалық білім кеңістігін қалыптастыруға бағытталған жаһандану үрдісінің көрінісі болған Болон үдерісі келісімшартын ең алғашқылардың бірі болып біздің университетіміз мақұлдаған еді. Еуропа аймағындағы жоғары білім беруді және ғылыми-зерттеулерді қорғау, сондай-ақ жақсарту құралына айналған Болон үдерісіне ену бастапқыда үлкен күмән туғызғаны рас. «Кредиттік жүйені меңгере аламыз ба? Қаншалықты пайдасы бар? Білім жүйесін реттеп, деңгейін көтере аламыз ба?» деген сұрақтар туындап, ұстаздар мен білім үйлестірушілер арасында талас болғанын жасырмаймыз. Сондай қиын кезеңдерді артқа тастап, білекті сыбанып жіберіп, бірлікпен іске кіріскеніміздің арқасында бүгінгі таңда кредиттік жүйе бойынша білім үйлестіруде жеткен жетістіктеріміз көп. Бұл жүйенің бізге берген оңтайлы тұстары мен жаңаша мүмкіндіктері де мол болды. ЖОО-ға арналған үздік білім беру ісінде жүйенің пайдалы екенін тек біз ғана емес, республикамыздағы өзге де университеттер мойындап, бүгінгі таңда кредиттік білім беру жүйесімен тығыз байланыста жұмыс істеуде.

—Бұрынғы классикалық жүйеден кредиттік жүйенің қандай айырмашылығы бар? Қаншалықты тиімді? Сіз басқарып отырған биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасында орындалу деңгейі қалай?

—Білім беру жүйесінің бұрынғы классикалық үлгісінде мамандықты бірнеше салаға, бөлімге бөліп оқытатын. Маман саланың бір ғана қырын меңгеріп, кішігірім зертханаларда дайындалатын. Нәтижесінде бітірген түлектің қызмет қылу мүмкіндігі де шектеулі болатын. Біздің білім беру мен білім алу алаңы бейне бір тар қоршаудың ішінде секілді көрінетін. Ал, Болон үдерісі сол қоршаулы тұрған шекараның барлығын бұзып жіберіп, керісінше жаңаша бағытта өріс алған, тың әрі мүмкіндігі мол кеңістікті алып келді. Бұл жүйе бойынша білім алған маман өзіне тиесілі саланы «инемен құдық қазғандай» етіп тұс-тұсына үңіліп, жан-жақты меңгеріп, саланың

барлық қырын санасына сіңіріп шығады десем қателеспеймін. Кредиттік жүйе мамандықты оқытуда жаңа бағыттарға жол ашып, әлемдік бәсекелестікке үйретуде. Осы үдеріс арқылы біздің ғана емес, жалпы Қазақстанның білім беру айдынында кез келген сынды көтере алатын кеңістік пайда болды.

Ал, енді Болон үдерісінің биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасында орындалуына келсек, бір ғана мысал айтайын. Классикалық үлгіде білім беру кезінде мамандықтың бір ғана саласы меңгерілген тұста біздің білімгерлер белгілі бір аймаққа зерттеу жүргізу мақсатында 4-5 экспедиция топтарын ұйымдастыратын. Бұл университет тарапынан көптеген қаржы мен қызметкерлердің еңбегін талап ететін. Сол кездерде зерттеу алаңына бір мезетте бірнеше топты жіберу қиынға соғатын. Себебі, зерттеуге кететін уақыт, кіріс-шығыс есептері болатын. Көзделген аймақтың өсімдігін, жануарын, топырағын зерттеу үшін қаншама шығын, қаншама уақыт, қаншама адамның еңбегі жұмсалатын. Ал, Болон үдерісі осы ұзын-сонар зерттеу жұмыстарын бір арнаға тиімді түрде тоғыстыра білді. Жана жүйенің бағыттарының салдарынан бір аймаққа тиесілі фаунасын да, флорасын да, топырағын да, өзге де организмдерін зерттеуді бір ғана экспедициямен жүргізуге мүмкіндік туғызды. Кешенді зерттеу уақыт жағынан да, қаржы жағынан да, қызметкерлер еңбегі жағынан да үлкен үнемділікке үйретті. Жеке зерттегеннен гөрі кешенді зерттеудің пайдасы зор екенін ұғындық. Кешенді зерттеудің қорытындысы бойынша аумақты зерттеу жұмыстары жүргізіліп, маңызды мәліметтер алынып, ғылыми тұрғыдан құндылығы жоғары деректерге қол жеткізуге болатынын түсіндік. Бұл бір ғана тұсы, бұдан өзге тиімді тұстары жетерлік. Басқасын өзге әріптестеріміз де айтып жатқан болар.

Сонымен қатар университетіміздің ректоры Ғалымқайыр Мұтанұлының тікелей тапсырмасы бойынша кафедрамызда университет деңгейінде қалашықтың дизайнын жақсарту мақсатында қалашығымыздың ландшафтық дизайнының концепциялық жоспары ұтқырлықпен құрылды. Қалашығымыздың көркейіп келеді. Бұл тұста ол кісінің

атқарып жатқан еңбегі ұшан-теңіз.

—Жалпы сіздің кафедраңызда білім алып жатқан кадрлар қаншалықты сұранысқа ие? Бітірген түлектер қандай мекемелерде қызмет атқарып жүр?

—Университетіміз маман дайындауда осынша күш жұмсағаннан кейін «Біз не үшін, кім үшін оқытып жатырмыз?», «Біріншіден, біздің шығарған мамандарымыз нарыққа қажет пе? Қаншалықты қажет?» деген мәселе ұстаздар қауымын әрқашан ойландырып жүретіні сөзсіз. Ректорымыз Ғ. М. Мұтановтың «Біздің ұстаханада шындалған кадр біркүндік болмауы тиіс» деп бәріміздің алдымызға қойып отырған талабы бірдей. Біз тек мамандарды даярлау кезінде, ең алдымен, маман бүгінге, ертеңге ғана емес, ұзақ жылдар бойы сұраныста болатындай етіп даярлауға тырысамыз. Біздің кафедрамыз осы мәселе төңірегінде қазіргі таңда «Ғылыми биология», «Балық шаруашылығы және өндірістік балық аулау», «Геоботаника» сынды мамандықтардан бакалавриат, магистратура, докторантура сатылары бойынша мамандар дайындауда. «Ғылыми биология» мамандығын меңгерген студент білім беру орындарында, ғылыми-зерттеу институттарына қызметке орналаса алады. Өндірістік тәжірибеден өткенде ғылыми жоба, ғылыми-зерттеу жұмыстарын толықтай меңгереді. Бакалавр бітірген түлектеріміз көбіне ғылыми-зерттеу институттарына барып жатады. Алматы қаласы бойынша жеті ғылыми-зерттеу институты бар. Сол институттардың көп бөлімінде біздің түлектеріміз қызметте жүр. Аталмыш институттармен университет орнатқан жұмыс беру жөніндегі келісімшарттарымыз бар. Ең алдымен 2-3 ай көлемінде өндірістік тәжірибеден өтеді, ортаға бейімделгеннен кейін студенттің қабілеті байқалады. Егер болашақ маман тәжірибеде өзінің университеттен алған білімін ойыстыра білсе, сол мекеме тарапынан бізге жұмысқа алу туралы сұраныс келеді. Бакалавр мамандарын одан әрі магистратура, докторантура сатылары бойынша мекеме тарапынан оқытуға ұсыныстар түсіп жатады. Бұны жұмысымыздың елеулі нәтижесі деп білемін. Сұраныс легі бір ғана мамандықта емес, барлық мамандықта сондай. Бұрын назарға көп



іліге бермейтін балық шаруашылығы да қазіргі таңда ерекше көзге түсуде.

—Студент жастарға басшылық етіп келесіз. Оларға қаншалықты көңіліңіз толады? Жастардан не талап етесіз?

—«Мен жастарға сенемін!» деп кешегі Мағжан ақын айтпақшы, ұстаз ретінде жастардан күтер үмітіміз бен оларға қояр талабымыз мол. «Тәрбиесіз берілген білім — қауіпті» дейді, тәрбие мен білім қатар жүруі керек. Қаншалықты білімдар болғаныңызбен, көпшіліктің ортасында дөрекілік танытсаңыз, сіздің дәрежеңіз түседі. Біз жастарды тек білім алуға ғана тәрбиелемейміз, оларға тәлім-тәрбиеде де үздік үлгі көрсетуді міндеттейміз. Сонымен қатар әлеуметтік, қоғамдық жұмыстарда белсенділік танытуға шақырамыз. Әр адамның деңгейі өскен ортасына қарай бағаланады. Біз тәрбиені ортадан іздеуіміз қажет. Студенттің тәрбиеленетін және білім алатын ортасы — университет қабырғасы және көп уақытын өткізетін жатақханасы. Университет қабырғасында шәкірттің бағдаршамы — ұстазы. Әр студент ұстаздарына қарап бой түзеп, сол кісілерді үлгі тұтады. Сондықтан әр оқытушы өз ісімен, жүріс-тұрысымен, білімімен, белсенділігімен үлгі болуы тиіс. Әр ұстаздың қалыбы «Мен секілді бол» дегенді үндеп тұруы тиіс. Өзінде жоқ нәрсені өзгеден талап ету — қиынның қиыны. Сол себепті ұстаздың болмысы бөлек болу қажет. Екіншіден, студенттің тәрбиеленетін ортасы — жатақхана. Ол — студенттің дем алатын, бой жазатын, кітап оқитын, рухани тұрғыдан дамып, бос уақытында сүйікті ісімен айналысатын орны. Бұл тұрғыдан біздің жатақханалар барлық талаптарға сай. Бұның барлығы — студенттердің сапалы білім алуына жасалған жағдайлар. Ендігі міндет — студенттерде. Яғни, берген білімді меңгеріп, оны өз пайдасына жарату — ҚазҰУ-да оқып жатқан әрбір білімгердің борышы. Біз олардан бәсекелестікке қабілетті маман болумен қатар үздік тәрбиені де талап етеміз.

—Сұхбатыңызға үлкен рахмет! Ісіңіз онға баса берсін!

Сұхбаттасқан,
Қаламқас АМАНҚОСОВА

**В преддверии международного женского праздника во Дворце студентов
прошел праздничный концерт «Барлығы Сіздер үшін, арулар!»**

САЙЛАУҒА ҚАТЫСУ – АЗАМАТТЫҚ ҰСТАНЫМ КӨРСЕТКІШІ

Кез келген мемлекет өзінің шын мәнінде демократиялық қоғам құруға талпынысының көрінісі ретінде азаматтардың мемлекет ісіне араласып, қажет болса мемлекеттік биліктің шешім қабылдауына әсер ету мүмкіндігін орнықтырады. Қазақстан Республикасы да 1995 жылы қабылданған қолданыстағы Конституциясының 33-бабының 1-тармағында өз азаматтарының тікелей және өз өкілдері арқылы мемлекет ісін басқаруға қатысуға, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына тікелей өзі жүгінуге, сондай-ақ жеке және ұжымдық өтініштер жолдауға құқығы бар екендігін нақтылайды. Осы баптың екінші тармағы бойынша, республика азаматтарының мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға және оларға сайлануға, сондай-ақ республикалық референдумға қатысуға құқығы бар екендігі бекітіледі. Елімізде соңғы уақытта қабылданған саяси шешімдердің нәтижесінде биылғы жылы ел азаматтарының кезекті рет заң шығарушы орган депутаттарын сайлау мүмкіндігі туып отыр. Орталық сайлау комиссиясы 20 қаңтар 2016 жылғы отырысында ҚР Парламенті Мәжілісінің және барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының кезектен тыс сайлауларын 2016 жылдың 20 наурызына белгілеу туралы қаулы қабылдаған болатын.

20 ақпан күні 20 наурызда өтетін кезектен тыс ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттары сайлауына қатысатын саяси партиялар өздерінің үгіт-насихат жұмыстарын бастады. Саяси партиялардың сайлауалды үгіт-насихат жұмыстары 18 наурыз күні түнгі 00:00-де аяқталады. Қазақстан Республикасының азаматтары ретінде жоғары оқу орындарының студенттері де Парламент пен жергілікті мәслихаттар депутаттарын сайлауға құқылы. Дегенмен, жастардың арасында саяси құқықтарын жүзеге асыру, сайлауға белсенді қатысу жөнінде әртүрлі көзқарастардың бар екендігін, сонымен қатар, сайлауға қатысуға немқұрайлылықтың да барлығын ескерген

жөн. Сондықтан, студенттердің сайлауға қатысып, өздері сенім артқан саяси партияға немесе мәслихат депутатына дауыс беруге ынтасын арттырып, дауыс беру арқылы өз саяси тандауын жасауға мүдделі болуына жоғары оқу орындарының оқытушылары да жанама болса да әсер еткені жөн болар еді. Еліміздің жана буын азаматтарының ешкімнің ықпалынсыз, өзі сенетін саяси партияға қолдау білдіріп, сайлауалды бағдарламасы өзіне ұнаған нақты кандидатқа дауыс беруі оның азамат ретінде өз саяси құқығының мәніне назар аударып, өзінің саяси шешім қабылдау әлеуетін түсінуіне септігін тигізеді. Сонымен қатар, сайлауға барып, дербес түрде өз тандауын жасау арқылы ол

болашақта өзі тандаған саяси партияның Парламент қабырғасында өзі шешілуі тиіс деп ойлайтын мәселелерді көтеруіне жағдай тудыруға атсалыса алады. Әрине, сайлауалды үгіт-насихат жұмыстарында студенттер тек сол іс-шаралардың қатысушылары ғана емес, ұйымдастыру жұмыстарына атсалысқан белсенді ретінде де қатысады. Әртүрлі саяси партиялар мен жекелеген тұлғалардың сайлауалды үгіт-насихат жұмыстарына қатысу арқылы студент өзінің саяси тандауын жасай алады. Жоғары оқу орындары саяси сауатты болашақ мамандардың, елі үшін өз жауапкершілігін толықтай сезінетін азаматтардың қалыптасуына мүдделі мекеме ретінде студенттердің дербес саяси тандау жасауына барынша ыңғайлы жағдай тудыруы қажет. Жоғары оқу орындарының тарапынан студенттердің сайлауға қатысуын қамтамасыз ету үшін үгіт-насихат жұмыстары олардың өз саяси құқықтарын түсіндірумен байланыстырыла жүргізілуі тиіс. Әр студент, ең алдымен, өзінің осы елдің азаматы ретінде оның саяси өміріне атсалыса алатындығын, сол арқылы өзінің саяси шешімдердің қабылдануына жанама түрде әсер ете алатындығын түсінуі керек. Осы жағдайды ескерген университетіміздің халықаралық құқық кафедрасының меңгерушісі з.ғ.д., профессор С.Ж.Айдарбаев кафедраның барлық оқытушы-профессорлық құрамының, эдвайзерлерінің студенттерге сайлау жайлы толыққанды ақпарат беріп, арнайы шараларды ұйымдастыруын міндеттеді. Бұл өз кезегінде халықаралық құқық мамандығы бойынша білім алушы

студенттердің сайлауға барынша белсенді қатысып, өздері тандаған саяси партия мен мәслихатқа, кандидатқа дауыс беруіне өз әсерін тигізері анық. Студенттерге сайлаудың мәні мен мақсаты, сайлау құқығын жүзеге асырудың маңызы жайлы түсіндіру жұмыстарын жүргізу олардың құқықтық санасының деңгейі мен азаматтық ұстанымына да ықпал етеді. Халықаралық құқық кафедрасының ұжымы сайлау жөніндегі іс-шаралар жоспарын жасап, іске кірісіп те кетті. Қазіргі кезде елімізде ресми тіркеуден өткен саяси партиялардың басым бөлігі сайлауға қатысуға мүмкіндік алды. 16 ақпан 2016 жылы ҚР Орталық сайлау комиссиясында Парламент Мәжілісі депутаттары сайлауына түсетін партиялардың тізімін сайлау бюллетеніне тіркеуге орай жеребе тастау рәсімі өтті. Жеребеге сәйкес сайлау бюллетеніне ең бірінші «Нұр Отан» партиясы енгізіледі. Ал Қазақстан коммунистік халық партиясы – 2, «Ақ жол» партиясы – 3, «Бірлік» партиясы – 4, Жалпыұлттық социал-демократиялық партия – 5, «Ауыл» партиясы 6 нөмір болып белгіленетін болды. Аталған саяси партиялардың сайлауалды бағдарламаларымен танысып, олардың ұсынған идеяларының өз көңілінен шығуына қарай нақты біреуін қолдап дауыс беру – әр студенттің жеке азамат ретінде өз азаматтық ұстанымының қалыптасқанының көрінісі болмақ.

Есбол ӨМІРЖАНОВ,
халықаралық құқық кафедрасының
доценті, з.ғ.к.

АЛЬ-ФАРАБИ И ВОСПИТАНИЕ МОЛОДЕЖИ

Связь времен и поколений – основная тема встречи ветеранов г. Алматы с университетской молодежью, которая недавно прошла в стенах ведущего университета Казахстана. С обретением независимости уже почти четверть века КазНУ с гордостью носит имя великого мыслителя Востока, ученого-энциклопедиста, уроженца казахской земли Абу Насра аль-Фараби.

Круглый стол «Добродетельный город Аль-Фараби и воспитание подрастающего поколения» прошел в светеежегодного Послания Президента РК Н. А. Назарбаева, неоднократно отмечавшего ведущую роль общества в воспитании студенческой молодежи, формировании гармонично-развитой личности будущих специалистов, их конкурентоспособности.

Музей университета совместно с научно-исследовательским центром по изучению наследия мыслителя провели его при поддержке профсоюза работников КазНУ «Парасат» в научной библиотеке Аль-Фараби.

Высказывание Аль-Фараби «Добродетельный город подобен здоровому телу, все органы которого помогают друг другу, с тем, чтобы сохранить жизнь живого существа» стало основным лейтмотивом данного мероприятия. Круг рассматриваемых вопросов был широк и интересен: визуализация наследия Аль-Фараби, переданное средствами музейной коммуникации; изучение уникального произведения «Трактат о жителях «Добродетельного города» в контексте представлений жителей XXI века об устройстве умных городов и умных университетов; исследование влияния



учения о «Добродетельном городе» на развитие социальной и нравственной основы проекта «Al-Farabi University Smart City», а также университетских проектов «Айналанды нұрландыр», «100 кітап» и других. В работе круглого стола приняли участие молодые ученые магистранты и докторанты PhD факультета философии и политологии, международной кафедры ЮНЕСКО

по устойчивому развитию. Главными гостями мероприятия стали ветераны – представители городской и районных Комиссий по духовно-нравственному и патриотическому воспитанию молодежи нашего города. Напутственные слова от лица ветеранов выразил председатель совета ветеранов Бостандыкского района Х. Б. Биржанов. Он и другие участники встречи отметили важность

современной интерпретации идей Аль-Фараби об Идеальном городе, справедливом государственном устройстве общества, основанном на тесной взаимосвязи и взаимопомощи людей, их заинтересованности науками, ремеслами и искусством, а также стремлении к развитию и совершенствованию всех членов общества.

С новой экспозицией музея, ярко и образно раскрывающей идею гармонии мира Аль-Фараби, гостей познакомила директор музея Т. Л. Тажибаева, о работе научного центра по изучению наследия мыслителя, сотрудничестве с университетами Турции рассказал его директор Ж. А. Алтаев. В формате встречи также был организован просмотр видеоматериалов музея и фильма об экспедиции в Отрар, на родину Аль-Фараби.

Выступления молодых ученых университета Асета Куранбек, Самата Кайратулы, магистрантов Асылхана Калмырзаева и Нурлыбека Жаныкулова с их докладами и презентациями на темы: «Основные аспекты изучения наследия Аль-Фараби», «Центр Аль-Фараби: вчера и сегодня», «Аль-Фараби и европейский ренессанс», «Музей Фараби – храм муз», «Взаимосвязь этико-моральных взглядов Аль-Фараби и Аль-Газали» вызвали заслуженный интерес аудитории и добрые отзывы собравшихся. Связь времен и поколений продолжается...

Т. Л. ТАЖИБАЕВА,
директор музея университета

«Қазақ халқына алғысым шексіз!»

Еліміздегі кәсіптік және өзге де мерекелердің тізбесіне жаңа мереке 1 наурыз – Алғыс айту күні қосылды. Елбасымыз Н. Назарбаев «Алғыс айту күні» мерекесі жайлы: «Мұндай кезде адамдардың бір-біріне алғысын білдіріп, өздеріне жасаған жақсылықтарды еске алуы аса маңызды. Бұл жақсылықты бағалай білуге, оған жақсылықпен жауап қайтаруға, өзара сыйластық пен құрметке бастайды. Құндылықтардың қадіріне жете алған елдің келешегі кемел. Мен Алғыс айту күнін осындай мақсатпен белгіледім. Адамдар бүгінгі күні кемшіліктер болса, қатты сөздер айтылса, өкпесі болса кешіруі қажет», – деп жаһандық жағдайды рухани тұрғыдан саралаудың мәнін айқындады. Алғыс айту мерекесіне орай студент кезде Солтүстік Кавказда орын алған балқар ұлтының қариясымен кездесу еріксіз еске түсті.

«География» мамандығы бойынша білім алатын студенттердің негізгі ерекшеліктерінің бірі зоналық оқу тәжібесі болып табылады. С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің география факультетінде білім алғанымызда, яғни 1986 жылы шілде айында оқу жоспарына сәйкес, профессор Е.Н. Вилесов пендоцент В.Н. Уваровтың жетекшілігімен Алматы - Нальчик - Мәскеу - Алматы бағыты бойынша зоналық географиялық тәжірибеде болдық. Оның барысында Пятигорск, Кисловодск, Нальчик, Грозный, Ордженикидзе және Мәскеу қалаларында болып, Эльбрус тауын көріп, Солтүстік Кавказдағы таулы өңірлердің зоналық-ландшафтық ерекшеліктерін айқындадық.

Университеттен барған студенттерге Солтүстік Кавказ жеріндегі Нальчик қаласындағы Кабардин-Балқар мемлекеттік университетінің математика факультетінің №3 жатаханасынан орын берді. Солтүстік Кавказда бір айға жуық болып, шағын Нальчик қаласын бос уақытымызда тамашалайтынбыз. Осындай бір сәттердің бірінде сол қаланың карт тұрғыны біздерден: «Сендер қай жерден келгенсіңдер?» – деп сұрады. «Біз қазақпыз, Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасынан келген студенттеріміз», – деп жөнімізді айттық. Келген мақсат-міндетімізді де мақтанышпен жеткіздік. Сонда Нальчик қаласының карт тұрғыны «қазақ», «қазақ» деп, бірнеше рет қайталап, ерекше толғанып: «Қазақ ұлтының ұрпақтары екенсің дер ғой», – деп, бізге жылы лебізін білдірді. «Қазақ халқына алғысым шексіз! Сонау қиыншылық жылдары бізді, яғни балқарларды туған жерімізден көшіргенде Қазақ жерінен пана таптық», – деп тебіренді. Қазақ ауылында адамдардың оларға зор көмек бергендігін, өз отбасының мүшелеріндей қарап, қол ұшын созғандығын айтып, көзіне жас алды. Қазақ ұлтына ерекше бас иіп, «мың алғысын» білдірді. Қазақстан жеріндегі қазақ ұлты жайлы өзінің балаларына, немерелеріне айтып, қазақ ұлтын құрметтеу, ешқашан ұмытпау керек екенін жас ұрпаққа айтып отыратыны жайлы мазмұндады.

Ол кезде жас едік. Үлкен әсер алсақ та, тереннен үйілмеген екенбіз. Бұл тарихи сәттен «Алғыс айту күні» мерекесінің жас ұрпаққа қажет екендігі, телміріп интернетте отыратын қазақстандық жас ұрпаққа қазақ ұлтының даналығын, кең дария көңілінің мол болып, өзге ұлттарға пана болғаны жайлы тарихи нақты деректермен баяндауға мол мүмкіндік береді. Қазақ ұлтының мерейін үстем етіп, басқа ұлттардың қиын-қыстау кезеңде Қазақ даласын паналап, өсіп жетілгені жайлы хабардар етеді.

Алғыс айту күні мерекесінің ҚазҰУ-дағы «Айналанды нұрландыр!» жобасымен үндестігі бар дер едім. Себебі, бұл шаралар әлемге төзімділікпен, зор ризашылықпен қарауға және барға шүкіршілік етуге, жеке тұлға ретінде айналаны нұрландыруға атсалысуға, рухани байлықты дамытуға шақырады. Өзіміздің ата-анамызға, отбасымызға, ұстаздарымызға, күнделікті қызметтегі әріптестерімізге ризашылықпен қарап, Қазақ елінің дамуына үлес қосу – басты міндет.

Осы аталған мерекеге орай университет түлегі ретінде білім берген ұстаздарыма шексіз алғыс білдіремін!

Ө.Ж. САҒЫМБАЙ,

география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының доценті

СЫБЫЗҒЫНЫҢ МҰҢДЫ ҮНІ

Соңғы сабақ болатын. Тыпыршылап отырғанымызды көрген парсы әдебиетінен дәріс оқитын Доктор Сетуде мырза: «Күні бойына сабақ оқып шаршадыңдар, қайтуға асығып отырғандарыңды да білемін. Сондықтан да уақыттарыңды көп алмас үшін Мәуләуи «Мәснәуиінің» алғашқы бәйтін ғана талдаймыз. Содан соң қайтасыңдар», – деді. Бір бәйт дегені екі жол. Оны ары барса он, он бес-ақ минутта талдап шығармыз деп ойлағанбыз. Бірақ қателесіппіз. Бір бәйтті екі сағат талдадық. Сабақ соңында ирандық әдебиеттанушы: «Мәснәуидің» алғашқы бәйтін сендерге қаншалықты түсіндіре алғанымды білмеймін. Шаршап отырғандарыңды көріп барынша қысқартып айтуға тырыстым», – дегені. «Асығып отырғанымыз қандай жақсы болған немесе шығарманың «Нәйнама» деген алғашқы бөлімін (он сегіз бәйттен тұрады) талдағанымызда осында отырып таңды атыратын едік», – деп күлдік. Бірақ, әрқайсымыздың ішімізде қызығу һәм қызғаныш сезімі жатыр еді. Парсы әдебиеттанушыларының өлең сөзді талдағанын көріп қызықтық. Шығыстың жеті ақынының атақ-даңқын әлемге танытқан да осындай әдебиетшілер емес пе?! Кәнеки, бізде де әдебиет сабақтарында ақынның өмірі мен шығармашылығын жай шолып өтпестен, ең құрығанда бір өлеңін алып әріден талдасақ қой деген ой келіп еді.



Сыбызғының не айтып жатқанына құлақ сал, Ол саған жалғыздықтың мұңын шағады.

Біздің бақандай екі сағат уақытымызды алған екі жол осы. Сыртқы қалыбы қысқа болып көрінгенімен, ішкі мазмұны терең. Жуандығы кірпіштің қалыңдығындай келетін «Мәснәуидің» алғысөзі һәм негізгі ұстыны да осы бәйт. Осы екі жолды бойға сіңірмеген адам Мәуләуи шығармашылығына терең бойлай алмайды, ондағы оқиғалар барысы мен кейіпкерлердің іс-әрекетінен ешнәрсе түсінбейді. Шығармадан әр оқырман өз қиялындағысын тапқанымен де, ондағы ақиқат біреу ғана. Ол ақиқатты сыбызғы ғана айта алады. Себебі, ғашықтардың сүйіктісіне деген ынтызарлығын да, Хақ жолында аласұрған нәзік жүректің мұң-зарын да жеткізетін осы – сыбызғы. Сопылықтың бар сырлы әлемі де сонда жасырынған. Сондықтан да кейбіреулер «оны түсіну үшін сол жолда жүру керек» десе, ендігі біреулер «жүректің көзі ашылу керек» деп қысқа қайырған. Мәуләуи мұрасын ұзақ уақыт зерттеген Зэрринкуб «Мәснәуиді» түсініп оқыдық деп ойлайтындардың көпшілігі жаңақтың сыртындағы қабығын ғана жеп, әлі ішіндегі дөнінің дөмін татпағандар, деп жазғанда соны мензесе керек.

Десек те, «Мәснәуиді» «түк түсінбедік» деп жылы жауып қойып жатқан ешкім жоқ. Қайта басқа ақындарға қарағанда Мәуләуи мұрасына деген қызығушылық басым. Шығыс халықтарын айтпағанның өзінде, тіпті мұсылман болу пешенелеріне жазбаған өзге діннің өкілдері де оның «Мәснәуиін» жастанып оқиды. «Мен қайда? Өлең қайда? Оллаһи, мен өлеңнен жиіркенемін!» деп барша әлемге жар салған Мәуләуиді біреулер әлі күнге

ақын деуден жалыққан емес. Оның «Өлең құрылысы мені өлтірді», «Мен сандырақтайтындай ақын емеспін... мендегі бар дүние өзгеше» деп жазғанын алға тартатын базбіреулер оның қаламынан туындаған жыр жолдардың көркемдік ерекшелігіне емес, қайта онда айтылған даналық сөздердің ішкі мазмұнына терең бойлау керектігін жиі айтады. Расында да оның алты дәптерден тұратын «Мәснәуиінің» толық аты – «Мазмұнға тола Мәуләуи Мәснәуи» («Мәснәуи-е мәнәуи-е Мәуләуи») деп аталатыны белгілі. Күйбең тіршіліктен түңіліп, әзіз рухтың тыныштығын іздеген жандардың Мәуләуи шығармашылығына жиі жүгінетіндерінің сыры да осында болса керек.

Бүгінде әлеуметтік желілерде әрбір бәйті даналық сөз ретінде тарап жүрген Жәләләддин Руми хақында әдеби кеш ұйымдастырсақ деген ой келіп еді. Онымыз шайырлар отаны – Иран жұртында кеңінен тараған «Шәб-е шер», яғни «Поэзия кеші» дейтін әдемі дәстүрді қазақ топырағында қайта түлетсек деген ойдан туындаған. Әрі белгілі бір ақынның туылған күндері мен мерейтойлары қарсаңында ғана жарыса өткізілетін іс-шаралармен жарыспай-ақ, ақынды сағынғанымызда, жыр тыңдағымыз келген уақытта жиналып, әдебиет хақында, өлең сөз хақында ой бөліссек деген ниетіміз еді.

Сонымен, Шығыс мұсылман әдебиетінде «Ғашықтықтың пірі» атанған Мәуләнә Жәләләддин Руми шығармашылығына арналған «Әдеби кешті» де («Шәб-е шер») өткіздік. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанынан құрылған «Гүлістан» үйірмесіне мүшелікке өткен жастар кештің өз деңгейінде өтуіне барын салды. Бірақ, кейбіреулер айтып жүргендей, біз онда

Мәуләуиді әріден талдаған жоқпыз, талдауға тырыстық, шығармаларынан дүр мен ғайһар іздеген жоқпыз, өлеңдерінен үзінділер оқыдық. Рас, Мәуләуи хақында әдемі баяндама жасап, «Сыбызғы үні» деген өлеңін оқыған белгілі шығыстанушы Өтеген Күмісбаев, «халықтарды саясат емес, әдебиет жақындатады» деп ағынан жарылған Иран Ислам Республикасы елшілігі жанындағы Алматы Мәдени өкілдігінің басшысы Мәжид Камрани, Руми мұрасын әлемдік рухани кеңістік аясында қарастыру керектігін алға тартқан Әли Риза Чинари (Шаһид Беһешти университетінің профессоры), қазақ-парсы әдеби байланыстарының тарихына терең бойлаған белгілі әдебиеттанушы Айгүл Ісімакова жиналған қауымға Мәуләуи бақшасынан бір шок гүл ұсынғандай еді. Сондай-ақ, Төреғали Тәшенов, Дәулетбек Байтұрсынұлы, Абай Мауқараұлы, Әлібек Шегебай, Саят Қамшыгер секілді қаламгерлердің сөздерінен Румидің құпия әлемінің сырын ашуға рухани дайындық керек екенін де ұқтық. Әсілі, әдеби кешке Руми туралы сөйлеймін деп емес, ақын хақында тыңдаймын деп келгендердің саны көп екенін аңғардық. Себебі, мінберге шыққандардың сөздерінде Мәуләуи шығармашылығын талдауға қарағанда, оның мұрасына деген тамсану басым еді. Кеш соңынан жайылған дастархан басында ақындарымыз бүгінгі әдебиеттің барысы туралы ойларын ортаға салып, өз өлеңдерінен үзінділер оқығаны да жарасымды шықты. Бәрінен бұрын, көпшіліктің «мұндай әдеби кештер бүгінде өте қажет, сондықтан да дәстүрлі де өткізіліп тұру керек» деп, ұсыныс айтқандары көңілімізге сенім ұялатты.

Төрәлі ҚЫДЫР,
шығыстанушы

Марғұлан АҚАНҰЛЫ

1993 жылы Көктоғай қаласында дүниеге келген. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың филология және әлем тілдері факультетінің түлегі. Бүгінде Тәрбие жұмысы жөніндегі департамент маманы. «Көктоғайдан көшкен бұлт» кітабының авторы.



«СҮЙЕМ» ДЕШІ, АЛМАТЫ, БАҚЫТТЫМЫН!

Үйсіз-күйсіз мен осы шаһардамын,
Тағдыр жолда желемін, сапардамын.
Тамсанамын үйі бар, күйі барға,
Қоспай қойды мені осы қатарға кім?!
Жанбыр жауса шалшығын басатын мен,
Ұлтын сүйген ұлтшыл деп тас атып ең!
Рух әнін әуелетіп алып келсем,
«У» шаһарым, есігінді ашатын ба ең?!
Құлап қалсаң, мен едім сүйенішің,
Шынынды айтшы, сен мені сүйемісің?...
Құлап қалса қабырғаң алшы, міне,
Қабырғамды берейін, киелісің.
Шынынды айтшы, сен мені сүйемісің?!
Керегі жоқ күйіңнің, үйіңнің де,
Бермей жатсын даланың сыйын кімге!...
«Сүйем» деші, Алматы, бақыттымын,
Өлгенше өмір сүрсем де үйіндінде!
Адам бар ма сезінер азабымды,
Мәрмәрлатып тастапсың мазарыңды.
Кеңсай жаққа, Алматы, құлақ түрші:
«Сүйе алмадың неге сен қазағыңды?!»
Жүріп келем ой сүзіп көшеде мен,
(Осы жолмен жүріп ем кеше де мен.)
Саған деген сезімім сезілгенше,
Бұлттарыңмен айналып көше берем.
Жалаң аяқ лайыңды кеше берем.
Сезім үшін сұрай ма адам ақы...?
Ол — Құдайдың мәңгілік шапағаты.
Түзде туып көшенде өліп жатыр
Саған деген қазақтың махаббаты...

20.02. 2016

ЕЙ, КҮНӘҒАР ДҮНИЕ!

Періштелер де өледі екен... Әттең...!
(Қызыл шақаның қазасы мың түніме сыяр ма...)

Ей, қара жол!
Күнәһарсың тегінде,
Сүйкіміңе селкеу түсті сенің де!
Қара жоның қап-қара боп жатыр ма,
Қалай қидың періштені өлімге!
Ей, көк аспан!
Көк Тәңірдің мекені,
Қуанушы ем саған жетсем екі елі.

Күмбезінді қайтем енді көгілдір,
Күмбезіңе соғып алдым шекені.
Ей, ақша бұлт!
Торып жаттың аспанды,
Бой көтертпей басып жаттың асқарды.
Тауды ғана көріп жүрген көзіңе
Садаға!
Көрмей жүрген тастарды...
Ей, кеңістік!
Қара жерге сыймаған,
Шексіз едің етегінді жимаған.
Сен де — жауыз!
Шексіз анау төріне,
Бір орынды бір үмітке кимаған.
Ей, дүние!
Дүңгір-дүңгір шуың бар,
Күңгір-күңгір көрінбейтін нуың бар.
Оң қалтаңа қол салғанда... бәлкім ол...
Сол қалтаңда ол білмеген уың бар.
Ей, адамзат!
Мойындашы пасықсын,
Сен туғаннан белден батпақ басыпсын.
Өзің ғана! Өзім деген! Өзімшіл,
Өзгелерді өлтіруге асықсын.
Ей, жүрек!
Қатыгез бе ең, білмеппін...
Қалай сені арқалап ап жүрмекпін.
Қара жолға көзім түссе жылаймын,
Өмір — жолдар...
Енді қалай күлмекпін?!
Ей, періште!
Кешір мені, адаммын!
Ішіне біт! Өлме, мына ғаламның.
Тірілерге жеткізейін зарыңды,
Ұшына біт! Қасіретті қаламның.
Ей, не дейін...!
Хайуаннан да төменбіз,
Ақылы бар, бірақ соқыр, керенбіз.
Біз дегенін... Көк тәңірдің ұйқассыз,
Жаза салған сүйкімі жоқ өленбіз!

16.01.2016

БІР ӨЛЕҢ ЖАЗАЙЫНШЫ
ЖАЗЫЛМАҒАН...

Бір өлең жазайыншы жазылмаған,
Қара жер қазайыншы қазылмаған.

Бар ма ақын өз өлеңін буындырған,
Өлуге ажал жетпей әзір ме адам?!
Мың өлең жаза аламын жазылатын,
Тілінен қан да, бал да тамызатын.
Оқығанда әйелдің есі кетіп,
Еркектің сілекейін ағызатын.
Бір өлең жаза алам ба жазылмаған,
Мың емес біреу уайым әзір маған.
Сезім керек шабытты шайқалтуға,
Сезіне алмай жүрмін, жазғырма, адам!
Бір уыс топырақтан жаралғанда,
Тағдыр дейтін қапасқа қамалғанда
Біреу өлсе қара жер қазып бердім,
Ал өзіме...
Қорқамын амал бар ма?!
Есенин өртке ораған есті өлеңін,
Бір адам тигізе алмай еш көмегін.
Өлеңін қанша ма ақын «өлтірді» екен,
Өзінің сезбей кеткір кешке өлерін...
Ақын бар! Өз өлеңін буындырған,
Құлагерін күтпеген құлын жырдан.
Ал мен ше...
Мен қандай пасық едім,
Өлеңімді шарапқа жуындырғам.
Осыдан соң өлім ғой менің жазам!
Жазылмаған өлеңнің несін жазам.
Бір үміт, бір өкініш көңілімде,
Жиғызып алар енді есімді Азан!
Бір алып, бірде қойып қаламсапты,
Көз алдымда көк қанжар жалаң жатты...
Кеудеме тақап тұрмын...
Құрып кеткір!
Қалай қиям мен мына адамзатты!

12.01.2016

МЕНІҢ КӨШЕМ —
БАҚЫТСЫЗДАР КӨШЕСІ

Менің көшем — бақытсыздар көшесі,
Әкесі — құл, ал күнәһар — шешесі.
Қасіреттің шелегінен су ішіп,
Мұңға толған «көңіл» дейтін кесесі.
Менің көшем ию-қию жолдары,
Жанға дауа бола алмайтын жандары.
Түнеріп кеп бататұғын түндері,
Арайланып ата алмайтын тандары.
Менің көшем — менің осы тұрағым,
Айғай-шуға үйреністі құлағым.
«Бақытсыздың» көшесінде тұратын,
Мен ғана ма?!
Тәңірге осы сұрағым.
Менің көшем бакыт жайлы не білсін,
Мейлі жүрек жылап-сықтап төгілсін.
«Бакыт» дейтін бакытсыз сөз естісем,
Қуыс кеуде тігісінен сөгілсін.
Өлсін сосын көмілсін!

08.01.2016

Ынтықтырып көңілді аңғалдығың,
Жүрегіме бір сыңғыр ән қалдырдың.
Тал бойыңда бір мін жоқ, талдырмаш қыз,
Тамсандырдың сен мені таңғалдырдың.
Таңғалдырған екенсің тағы кімді,

Ай астында ойнатып сағымыңды.
Саған асық...!
Күнәһар кеудемдегі,
Қайда апарып байлаймын сабырымды.
Тағдырыма бұйырдың, бұйырмадың,
Саған менің жүрегім үйір жаным.
Өткінші бір жауындай өте шықтың,
Тамшы болып көмейге құйылмадың.
Қас қағымда жүздесіп, жоғалу ма,
Бола ма екен дәл солай жоғалуға.
Жүздеспейтін сезімдер кездеспейтін,
Кеңістікте нота боп жаралуда.
Жеті түрлі түсіңе елітіп ем,
Жеті түрлі әуенмен ерітіп ең.
Сен ақыры айықпас дертім едің,
Кеністіктің нотасын шертіп едім...
Мені саған рұқсатсыз байлап қойып,
Ие болып алды екен еркіме кім?!

04.01.2016

ЖОЛ АЛЫС...

Сен екеуіміз бір орында,
Менің де жоқ, сенің де сыңарың да.
Сенің сыңғыр дауысың қалып кетті,
Менің жалған сөздерім құлағыңда.
Жалған ба?!
Аңсағаннан жарылғаным,
Жансақтық жасап жүрсем жаңылғаным.
Көздерің... мені құртқан, адастырған,
Сөзіме сеніңізші көміл, Ханым!
Үңіліп терезеден далаға біз,
Бәріңде қалаған сіз!
Махаббат — от пен судың арпалысы,
Сіз оған өлшемменен қарамаңыз.
Иіліп иығыма жантайдыңыз,
Махаббат па?!
маркайып, шалқайдыңыз.
Жана туған сезім деп бағаладық,
Көктегі қайта туған жарты айды біз.
Бәрібір көздеріңе үңілем де,
Қайта оянам өмірден түңілем де.
Жұп-жұмыр жүрегім-ау, дертім осы,
Сен мені жұбатпашы, күңіренбе!
Жол бітті.
Сіз кетесіз бір адамға,
Мен кетем тағы да бір жылағанға.
Періште көңіліміз... сіз екеуіміз,
Қашуға ниетсіз ек күнәдан да.
Бәрі де бітер, бәлкім, осы жолмен,
Не пайда тасынғаннан, тасығанмен.
Өмірде жат құшақтың иесіміз,
Содан ба жол жүруге асығам мен.

25.12.2015

ҮЗДІК ОЙЫҢ

Жақында Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінде республикалық деңгейде “Techno cup I” пікірсайыс турнирі өткен болатын. Турнирге Қазақ ұлттық университеті «Алтын Сапа» интеллектуалды пікірсайыс клубы атынан қос команда қатысып, университет намысын қорғады.

Республикалық турнир нәтижесіне сәйкес, финалда ойын көрсеткен М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің студенттері Сәрсенбек Ақнұр мен Бекбауов Салауат 2 орынға ие болып, өз кезегінде алтынсапалық «Біз ораламыз» фракциясы турнир жеңімпаздары атанды. Фракция мүшелері халықаралық қатынастар факультетінің 3-курс студенті Өмірзақ Нұртуған мен журналистика факультетінің 4-курс студенті Тілеубек Динара 60 мың теңге көлемінде сыйақымен марапатталды.

Сондай-ақ финалистермен жартылай финалда кездескен физика-техникалық факультетінің стандарттау және сертификаттау мамандығының 2-курс магистранты Алдоңғаров Құралбек пен халықаралық қатынастар факультетінің 3-курс студенті Тұрсын Назеркенің мүшелігіндегі «Дарт Вейдер» фракциясы «Үздік талпыныс» номинациясын иеленіп, сыйақыға ие болды.

Турнир жеңімпаздарын шын жүректен құттықтаймыз!

Рахия БЕРКІНБАЙ,
«Алтын Сапа» ИПК мүшесі

Управление качеством

На сегодня качество образования — одно из направлений развития нашего государства. КазНУ, являясь гарантом качественного образования в стране, оказывает большое влияние на повышение роли образования и культуры среди молодежи.

Качество есть совокупность свойств, обуславливающих пригодность удовлетворять потребности, а свойство представляет собой объективную особенность, которая может проявляться при эксплуатации или потреблении. Качество формируется на всех этапах жизненного цикла, и исходя из этого можно сказать, что главным аспектом в производстве и во всех сферах деятельности является управление качеством.

Управление качеством должно осуществляться системно, т.е. должна функционировать система управления качеством, представляющая собой организационную структуру, четко распределяющую ответственность, процедуры и ресурсы. В связи с этим на заседании кафедры теплофизики и технической физики было рекомендовано создать среди магистрантов

специальности «6M07320 — Стандартизация и сертификация», «6M075000 — Метрология» и «6M071700 — Теплоэнергетика» кружок «Управление качеством» под руководством и.о. доцента Ж. К. Шортанбаевой.

Задачами кружка являются: проведение мероприятий по оценке и анализу системы образования в вузах РК; публикация учебно-методических статей; содействие в работе по контролю качества выпускаемой продукции ТОО «QS Azia Sertic».

Совместно с магистрантами кафедры теплофизики и технической физики планируется проведение мероприятий по подготовке литературного обзора для учебно-методических статей, связанных с системой управления качеством в Казахстане, а также проведение практических занятий в лаборатории ТОО «QS Azia Sertic» и составление протоколов испытаний по выполненной работе.

Ж. К. ШОРТАНБАЕВА,
Д. А. ГУСМАНОВ,
А. З. НУРМУХАНОВА

Жалғасы. Басы 1-бетте

АРУЛАРҒА МЕРЕКЕЛІК ТАРТУ



Сіздер секілді аяулыларымызды қандай асылға тенесек те жарасымды. Сіздерге арнап «Салыстыру» деген өлеңімді оқып берейін:

Аспанда ай, жерде сен,
Екеуінді тенесем.
Өкпелемес толған ай,
Маған артық сен десем.

Ай алыс, ол ортақ,
Жарық түсірер қараңғыда.
Сәулесі айдың керек емес,
Болғанда, сәулем, сен жанымда», — деп шынайы тілегін жеткізді.

Алғашқы болып сахнаға шыққан Студенттер сарайының жанынан құрылған вокал үйірмесінің мүшелері италиянша «Влюбленный солдат» әнін құйқылжыта орындады. Олардан кейін өнер көрсеткен М.Әбішев, С.Төлеуханов, Е.Әубәкіров, Ә.Қанаев сынды кафедра меңгерушілері де гүлдей жайнаған әйелдер қауымына арнап көңілді попури айтып, би билеп берді. Аналарымызға арнап ҚазҰУ-дың қауіпсіздік қызметкерлерінің жігіттері Шәмшінің «Анатуралы жырын», Бауыржан Құрманбек Балуан Шолақтың «Ғалиясын» шырқады. Кештің арнайы шақырылған



құрметті қонағы, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері Марат Омаровтың орындауындағы «Анашым» әні әдемі әуенімен көрермендерді баурап алды. Балалар хоры орындаған «Песня мамонтенка» әні мен университет қызметкерлері бүлдіршіндерінен құралған «Бахыт Kids» тобының биі де кештің көркін қыздыра түсті.

Кез келген мерекеге ерекше рен сыйлайтын Шәмші атамyzдың әндері де бұл күні сахна төрінде әуеледі. «Арыс жағасында» әнін кафедра менгерушісі Хайдар Тасибеков аруларымызға шын пейілмен шырқап берді. Әнмен әрленіп, бимен көркемделген концертте ҚазҰУ ғылыми-зерттеу орталығының, нано-лабораторияның және технопаркiн басшылары өз әзілдерімен кештің сәнін кіргізді. Тек қана ер-азаматтарымыз өнер көрсеткен жиында полиция полковниктері Ж.Сатубалдинов пен Б.Шопобаевтың орындауында «Необыкновенные глаза» әні айтылса, философия және саясаттану факультетінен С.Абжалов, Б.Берікбайұлы және А.Кеңесов «АБК» тобының орындауындағы «Тамшылар» әнін нақышына келтіре орындады. Арабын биі «Хабиба» биін билеген тарих факультетінің оқытушылары мен докторанттары барлық көрерменді өздерімен бірге билетті. Ал, көпшіліктің кең сұранысына ие «Ханшайымым-ау» әнін бұл кеште ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің оқытушылары — А.Бейсенбаев, Д.Ахметжанов және М.Амирканов шырқаса, нәзік жандылардың мерекесінде университет проректоры М.Бүркітбаев, ректордың кеңесшілері — Е.Ан, А.Естаев

және «Парасат» кәсіподағының төрағасы Т.Мекебаев сынды тұлғаларымыз әні мен сәні келісе ретро әндерге попури жасады. Одан соң ортаға факультет декандары шығып, той әндерінен микс орындап, көпшілікке ерекше әсер сыйлады. Бұнан соң «Красотка» фильмінен «Oh Pretty Woman» әнін — Б.Құрманғалиев, К.Малаев, Ә.Қалиев, «Досмұқасан» тобының репертуарынан «Жігіттер жыры» әнін — Ә.Сейітжанов, Т.Дүйсенбаев, Е.Ишанов, Е.Қалшаев және «Такиялы періште» фильміндегі Ермек Серкебаевтың «Тында» әнін Юрий Капнов студенттік хормен біріге орындады. Жоғары дәрежеде ұйымдастырылған мерекелік жиынның тізгінін университет теле-радио кешенінің директоры Дәурен Мұхамеджанов, ҚазҰУ КВН лигасының жетекшісі Дастан Жайнақ және Студенттер сарайының белді қызметкері Юрий Капнов ұстады.

Керемет кешті одан әрі шулата түскен декан орынбасарларының орындауындағы тамаша би болды. Бұл концертте әскери кафедра жігіттері «Пусть» әнімен қалың көрерменді ерекше шабыттандыра түсті. Тамаша көңіл күй сыйлап, ерекше әсерге бөлеген кештің соңы «Мереке» әнімен аяқталды. Мереке қарсаңында ұйымдастырылған кеш нағыз мерекенің бастауы болғандай. Ө. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайына жиналған нәзік жанды көрермен аяулы да асыл жандардың мейрамын ұлықтап, мерекелік көңіл-күй сыйлаған қазуулық ер-азаматтарға «біздің ауыл жігіттері — жігіттердің төресі» деген жоғары бағасын берді.

Қаламқас АМАНҚОСОВА



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:
Бас редактор м.а.: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**
Жауапты хатшы – **Дариға АМАНКЕЛДИЕВА**
Тілшілер: **Қаламқас АМАНҚОСОВА, Елдана ТОҚБАЙ**
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКУЛЫ**
Фототілші – **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Әйгерім ИМАНҒАЛИЕВА**

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, №1242 куәлігі берілген

МЕКЕНЖАЙЫ:
050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат, №104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.
Электронды мекенжай:
kazuniver-gazeti@mail.ru
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттелді.
"Asia print". Абай даңғылы,30.
Тел.: 8(727) 611317, 8 (727) 3007980

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана
Тапсырыс: №10
● Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
● Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
● «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
● Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.